

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З – Р Е Л И З І

Алматы қ.

04 сәуір 2011 жыл

Қазақстан қор биржасы 2010 жылдың қорытындысы бойынша көзге түскен биржа мүшелері мен листингілік компанияларын марапаттады

2010 жылдың нәтижесі бойынша KASE "алтын" және "күміс" дипломдар төменде берілген номинациялар бойынша келесі биржа мүшелеріне табыс етілді:

- **"Биржалық валюта нарығының көшбасшысы"** – "RBS (Kazakhstan)" Еншілес Банкі" АҚ ("алтын" диплом), "Еуразиялық банк" АҚ ("күміс" диплом);
- **"Биржалық мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы"** – "Еуразиялық Капитал" АҚ ("алтын" диплом), "Қазақстан халық жинақтаушы банкі" АҚ ("күміс" диплом);
- **"Биржалық акциялар нарығының көшбасшысы"** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ ("алтын" диплом), "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ ("күміс" диплом);
- **"Биржалық облигациялар нарығының көшбасшысы"** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ ("алтын" диплом), "RESMI" Инвестициялық Қаржы Үйі" АҚ ("күміс" диплом);
- **"Репо операциялар нарығының көшбасшысы"** – "ЦентрКредит Банкі" АҚ ("алтын" диплом), "Қазақстан халық жинақтаушы банкі" АҚ ("күміс" диплом)
- **"Жетекші қаржы кеңесшісі"** – "Halyk Finance" Қазақстан халық жинақтаушы банкінің еншілес ұйымы" АҚ

2010 жылдың нәтижесі бойынша **"Айқындыққа ұмтылысы үшін"** дипломдары келесі листингілік компанияларына мынадай топтарда табыс етілді:

- **"Экономиканың қаржы секторының листингілік компаниялары"** – "Қазкоммерцбанк" АҚ, "Қазақстан халық жинақтаушы банкі" АҚ;
- **"Экономиканың өндіріс, шикізат және энергетика секторларының листингілік компаниялары"** – "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ, KAZAKHMYN PLC;
- **"Экономиканың өзге де секторларының листингілік компаниялары"** – "Қазақтелеком" АҚ, "RG Brands" АҚ.

Анықтамалық ақпарат:

Бағалы қағаздар нарығында өзі туралы және өз қызметі туралы ақпараттар ашу бойынша ең үздік кәсібилік қылық танытқан қор нарығының үздік операторларын, қаржы кеңесшілерін және листингілік компанияларын марапаттау KASE 2003 және 2005 жылдан бастап өткізеді.

Биржа мүшелері мен листингілік компанияларын жыл сайынғы марапаттау шарттары мен тәртібі "Ең үздік биржа мүшелерін жыл сайынғы марапаттау" және "Листингілік компанияларын жыл сайынғы марапаттау" атты KASE ішкі құжаттарында анықталған.